

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Маңғыстау облысы

№030240000329/211091/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 05.02.2021 жылғы №01-25-01/14-п сенімхат негізінде әрекет ететін Комбинат қызметі жөніндегі басқарушы директор Асаинов Арсен Мажитович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Металл - Комплект Электра" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Таменова Бибигуль Бостандыковна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2021-06-21» жыл № 5880521-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 191 348 582.75 (жүз тоқсан бір миллион үш жүз қырық сегіз мың бес жүз сексен екі тенге жетпіс бес тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 20 501 633.86 тенге (жиырма миллион бес жүз бір мың алты жүз отыз үш тенге сексен алты тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 5 740 457.48 ((бес миллион жеті жүз қырық мың төрт жүз елу жеті тенге қырық сегіз тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 5 740 457.48 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, № HSBKZKX , KZ966010231000017128 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің байланысатын тұлғасын жазбаша хабардар ету: - тауарды жөнелту туралы, - факсимильдік немесе электрондық байланыс арқылы (тауарды жеткізу тәсілін көрсете отырып) Тапсырыс берушінің аумағына тауарды жеткізу жоспарланған күнге дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын тауарды жеткізу туралы. Хабарламада Жеткізуші: Шарттың нөмірін, жөнелтілген күнін, тауардың атауы мен санын, вагондардың немесе өзге де көлік құралының нөмірін және тауарды жеткізудің есептік мерзімін, тауар-көлік жүкқұжатының көшірмесін қоса бере отырып, жөнелтілген тауар партиясының жалпы құнын көрсетеді. Тиіп-жөнелту туралы жазбаша хабарлама уақтылы ұсынылмаған кезде Тапсырыс беруші тауар келіп түскен күні қабылдап алудан бас тартуға және қабылдап алу күнін кеш мерзімге 3 (үш) жұмыс күніне дейін ауыстыруға құқылы.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерге төлем жүргізуге міндеттенеді.



3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2 (екі) дана;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі



туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттың Уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары тек құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.



6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.



7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

7.9 Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісті емес сападағы тауарды, осы Шарттың 6.2-тармағы орындалмаған жағдайда, атауына және/немесе техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін тауарды не жиынтықталмаған тауарды жеткізген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама



9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда



3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.6 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.7 Егер Жеткізуші шот-фактураларды ұсынған сәтте ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарылған жағдайда, тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ҚҚС бағасында бұрын көрсетілген сомаға азайтылады.

12.8 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.9 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.10 Тараптар негізгі талаптары пара беруге тыйым салу, пара алуға тыйым салу, коммерциялық параға сатып алуға тыйым салу және парақорлықта делдалдыққа тыйым салу болып табылатын ҚР Қылмыстық кодексінде, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауы тиіс. Тарапта сыбайлас жемқорлық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

12.11 Жеткізуші Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы барлық шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының (және/немесе айыппұлдың және/немесе өсімпұлдың) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалу арқылы түпкілікті есеп айырысу сомасын азайтуға келіседі.

12.12 Шарттың қолданылу мерзімі ішінде шот-фактураларды ұсынған күні ҚҚС төлемейтін өнім беруші ҚҚС төлеуші болып табылса да Тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ұлғаюына жатпайды.

12.13 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша

12.14 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.15 Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша қаралуға жатады.

12.16 Жазбаша хабарламада тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Маңғыстау атом энергетикалық
комбинаты-Қазатомөнеркәсіп"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Мангистауская область, г.Актау,
Промышленная зона 7, 65
БСН 030240000329
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ966010231000017128
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8 7292 564-778. 564-069. 564-808
Комбинат қызметі жөніндегі басқарушы
директор Асаинов Арсен Мажитович

Өнім беруші:

"Металл - Комплект Электра"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Нур-Султан, КОНСТАНТИН
ЦИОЛКОВСКИЙ, 6/2
БСН/ЖСН 101040010743
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ9896503F0008516767
"ForteBank" АҚ
Тел.: 8(717)2493621
Директор Таменова Бибигуль
Бостандыковна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 5880521-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	мысты, маркасы М2, диаметрі 11-50 мм, тартылған	2450124 Мысты прокат медный 16мм (ГОСТ 1535-2016)-Міндетті талап: ¶Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. ¶Шеңбердің бетінде, егер олар бакылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес. қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол бер	Килограмм	12	7 854.84	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (12)	0	94 258.08
-----------------	--	--------	---	---	-----------	----	----------	--	--	--	---	--------------

2021 қаржылық жыл



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жез табак	маркасы Л63, қалыңдығы 0,05-12 мм	2510140 Жез табак Л63, 2,0 мм; МЕМСТ 2208-2007 Прокат түрлері - ыстық, кесінді; тікбұрышты, дәлдік; норма, икемділік; жарғылай қатты.Міндетті талап: ¶Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. ¶Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , катерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер тұзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Килограмм	5	8 183.83	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (5)	0	40 919.14
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалпы мақсаттағы құбыр	болат, диаметрі 51-100 мм	1834307 Құбыр 89 * 6 ст.12Х18Н10Т ГОСТ 9940-81-коррозияға төзімді болаттан жасалған суықтай қалыптасқан жіксіз құбыр.Құбырдың ұзындығы кемінде 4 метр.Тауарға қойылатын міндетті талап: құбырлардың беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолуды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Құбырлар түзу, біркелкі кесілген, өрескел бұдырсыз болуы керек. Құбырларда қатпарланулар, нығыз тұтқыштар, жарықтар, көпіршіктер, раковиналар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Құбырлардың бетінде майысуларға, түзету іздеріне, ұсақ тұтқаларға, қатерлерге, сызаттарға және басқа да ақауларға жол берілмейді. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (толеранс) : -10 % (минус он пайыз), бірақ тұтас стандартты бірліктен (металл илегі) кем емес.	Тонна (метр)	0.1	5 196 083.20	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.1)	0	519 608.32
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалпы мақсаттағы құбыр	болат, диаметрі 101-150 мм	1840114 Коррозияға төзімді болаттан жасалған ыстықтай деформацияланған жіксіз құбыр 108х6,0 ст.12х18н10т. МЕМСТ 9940-81. Құбырдың ұзындығы кемінде 6 метр. Тауарға қойылатын міндетті талап: құбырлардың беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолуды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Құбырлар түзу, біркелкі кесілген, өрескел бұдырсыз болуы керек. Құбырларда қатпарланулар, нығыз тұтқыштар, жарықтар, көпіршіктер, раковиналар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Құбырлардың бетінде майысуларға, түзету іздеріне, ұсақ тұтқаларға, қатерлерге, сызаттарға және басқа да ақауларға жол берілмейді. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (толеранс) : -10 % (минус он пайыз), бірақ тұтас стандартты бірліктен (металл илегі) кем емес.	Тонна (метр)	0.1	4 268 857.60	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.1)	0	426 885.76
2021 қаржылық жыл												
15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалпы мақсаттағы құбыр	латунды, диаметрі 11-50 мм	2570005 Құбыр ЛАМШ 77-2-0,05 25*1*6700	Тонна (метр)	13.58	8 349 818.40	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (13.58)	0	113 390 533.87
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	жез, маркасы Л63, диаметрі 3-50 мм, тартылған	2550015 Шеңбер 30 л63 МЕМСТ 2060-2006- Міндетті талап: «Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. «Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбердің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Килограмм	10	7 321.75	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (10)	0	73 217.54
2021 қаржылық жыл												
15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шестигранник	стальной, марка Ст.12Х18Н10Т, диаметр 15-50 мм, горячекатаный	1216055 Алтыбұрыш 22мм МЕМСТ 2879-2006. Прокат дәлдігі-жобары, қисықтықтың жоғарылауы тұрғысынан- I дәрежелі , ыстықтай алтыбұрышты болат жолақтың ұзындығы 2 метрден кем емес жеткізіледі.	Тонна (метр)	0.1	5 585 789.44	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.1)	0	558 578.94
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.12Х18Н10Т, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішымдалған	1210434 Шеңбер 120мм ст.12х18н10т МЕМСТ 5632-2014 жоғары легирленген болаттар және коррозияға төзімді, ыстыққа төзімді және ыстыққа төзімді қорытпалар.Міндетті талап: ¶Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. ¶Шеңбеодің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Килограмм	100	3 483.74	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (100)	0	348 373.76
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.12Х18Н10Т, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішымдалған	1210424 Шеңбер 80мм ст.12х18н10т МЕМСТ 5632-2014 жоғары легирленген болаттар және коррозияға төзімді, ыстыққа төзімді және ыстыққа төзімді қорытпалар.Міндетті талап: ¶Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. ¶Шеңбеодің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.2	3 483 737.60	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	696 747.52
2021 қаржылық жыл												



15450758-ОЛ-ОК1	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 10-50 мм	1830824 Құбыр 16*2,0 Ст.12Х18Н10Т ГОСТ 9941-81-коррозияға төзімді болаттан жасалған ыстықтай деформацияланған жіксіз құбыр. Құбырлардың беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Құбырдың ұзындығы -4 метрден кем емес. Құбырлардың бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде құбырларды мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктөрге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Құбырлар тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Құбырлар түзу болуы тиіс. Құбырларда қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.1	5 715 691.52	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. .	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.1)	0	571 569.15
